



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындар пікіртерімінің нәтижелері  
(салалар: тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс,  
сауда, көлік және қойма)

2019 жылғы II тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Ақша – кредит саясаты департаменті

## Жалпы ақпарат

### I. Экономикалық жағдайларды бағалау:

- саладағы бәсекелестік (4-бет)
- инвестициялық белсенділік жағдайлары (5-бет)
- валюта бағамының әсері (6-бет)
- кредиттеу талаптары (7-бет)

### II. Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау

- өнімге сұраныс, оның бағасы, көлемі (8-бет)
- өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі (9-бет)
- кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері (10-11-бет)
- саладағы борыштық ауыртпалық (12-бет)
- еңбекақы мен жұмыспен қамту (13-бет)

## Қорытынды


**Пікіртерім жөніндегі мәліметтер**

|                           |   |
|---------------------------|---|
| Пікіртерім мақсаты        | ➤ Салалардағы бизнестің конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтау |
| Респонденттер             | ➤ Кәсіпорындардың басшылары, қаржы бөлімдерінің қызметкерлері         |
| Пікіртерім әдісі          | ➤ Сауалнама жүргізу   |
| Пікіртерім жүргізу кезеңі | ➤ 2019 жылғы 2 тоқсан   |

**Іріктеу туралы мәліметтер**

|  |                |
|--|----------------|
| Тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары | ➤ 189          |
| Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары          | ➤ 705          |
| Құрылыс кәсіпорындары                      | ➤ 348          |
| Сауда саласының кәсіпорындары              | ➤ 878          |
| Көлік және қоймаға жинау кәсіпорындары     | ➤ 257          |
| Іріктеу бойынша кәсіпорындардың барлығы    | ➤ 2 377        |
| <b>Мониторингке қатысушылардың барлығы</b> | <b>➤ 3 217</b> |

**1-график. Ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, %**



2019 жылдың 2-тоқсанында экономиканың барлық салаларында (құрылыстан басқа) нарықтық бәсекелестіктің ықпалының төмендеуі байқалған. **Сауда** саласының кәсіпорындары үшін басқа кәсіпорындар тарапынан нарықтық бәсекелестік бизнес жүргізуге негізгі кедергі (айналым және негізгі қаражатты қаржыландыруды шектейтін фактор) болып қалып отыр. Сауда саласында бәсекелестіктің жағымсыз әсерін сезіп отырған кәсіпорындар үлесі басқа салаларға қарағанда әлдеқайда жоғары. Егер саудада аталған кәсіпорындардың үлесі 32,3% құраса, онда тау-кен өндіру өнеркәсібінде аталған көрсеткіш 7,9%-ды құрайды.

**Тау-кен өнеркәсібі** бойынша іріктеу негізінен ірі және орта кәсіпорындар арқылы көрсетіліп отыр (69,8%). Оның басым бөлігін мұнай және табиғи газ өндіру, металл кендері, сондай-ақ тау-кен өнеркәсібінде техникалық қызмет көрсететін кәсіпорындар құрайды.

**Өңдеу өнеркәсібінде** ірі және орта кәсіпорындар сала кәсіпорындарының жалпы санының 63,8%-ын құрайды. Сала бойынша өндіріс көлемінің басым бөлігін металлургиялық өнеркәсіп кәсіпорындары өндіреді.


**Құрылыс** саласында да ірі және орта кәсіпорындар іріктеменің басым бөлігін құрайды (62,1%).

**Көлік және қойма саласы** бойынша іріктеменің жартысынан астамы ірі және орта кәсіпорындар (53,3%), олардың көбі мұнай және мұнай өнімдерін құбыржол арқылы тасымалдау қызметтерін көрсетеді. Олардың ішінде табиғи монополия субъектілеріне жататын кәсіпорындар аз емес.

**Сауда саласы** бойынша іріктеуде де басты іріктеудегідей ірі және орта кәсіпорындардың үлесі жоғары емес (24,8%).

Аталған салалар бойынша іріктеме репрезентативтілігі\* 56,9% құрайды.

**2-график. Нарықтық бәсекелестік кәсіпорынның даму мүмкіндігін шектеуші фактор болып табылатын кәсіпорындардың үлесі, %**




\* ҚРҰБ кәсіпорындары мониторингіндегі репрезентативтілігі мына формула бойынша бағаланады:

$$МҚК \text{ ӨСТ} / БЖ \text{ ӨСТ} * 100$$


мұндағы, МҚК ӨСТ – ҚРҰБ мониторингіне қатысушы кәсіпорындардың өнімдерін сатудан түскен кіріс (ӨСТ); БЖ ӨСТ – ҰЭМ СК деректері бойынша ӨСТ

# Экономикалық жағдайларды бағалау: Инвестициялық белсенділік жағдайлары

3-график. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділіктерін шектеу, %



4-график. Шығару өскен кезде кәсіпорындардың инвестициялардың өзгерісі бойынша күтулері, %




Кәсіпорындардың көпшілігі үшін инвестициялық белсенділікті шектейтін басты себептердің бірі **қаржы ресурстарының жетіспеушілігі** болып табылады.

Сауда кәсіпорындары үшін ең маңызды шектеуші фактор басқа кәсіпорындар тарапынан нарықтық бәсекелестік болып табылады, ал өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары үшін - олардың өнімдеріне деген сұраныстың жеткіліксіздігі. Кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындарының көпшілігі үшін ешқандай шектеулер жоқ.

Алдағы 12 айда барлық секторлар бойынша қаржыландыру деңгейі өзгеріссіз қалады, сонымен бірге өңдеу саласында қаржыландырудың ең үлкен өсімі, ал саудада ең төмен өсімі күтілуде. Негізгі капиталға жіберілетін инвестициялардың көлемінің ең көп төмендеуін құрылыс саласы күтуде. Қарастырылып отырған салалардың бәрінде инвестиция көлемін төмендетуді жоспарлап отырған кәсіпорындар үлесі оларды арттыруды жоспарлап отырған кәсіпорындар үлесінен артық.

Қаржыландырудың негізгі көздері бұрынғысынша кәсіпорындардың **меншікті қаражаты** болып табылады.


**5-график. Есеп айырысуда шетел валютасын қолдану (кәсіпорындардың үлесі, %)**




Шетелдік серіктестермен жұмыс істейтін кәсіпорындардың үлесі 70%-дан астам. Ондай кәсіпорындардың үлесі сауда саласында, өңдеу өнеркәсібінде және кен өндіру өнеркәсібінде шамамен орташа 80% құраса, көлік және қоймалау саласында 66%, құрылыс саласында 61,8% құрайды.

Шетелдік серіктестермен есеп айырысу бойынша кәсіпорындар көбінесе ресей рублін (кәсіпорындардың 52,9%-ы) және АҚШ долларын (кәсіпорындардың 45,8%-ы) пайдаланады. АҚШ долларын көбірек қолданатын тек кен өндіру өнеркәсібі (65,1%), қалған салаларда ресей рублі көбірек қолданылады. 2019 жылдың 2 тоқсанында шетелдік серіктестермен есеп айырысуда теңгені 14,3% кәсіпорын қолданды.

**6-график. Теңгенің АҚШ долларына бағамының өзгеруінің кәсіпорындардың қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ\*)**




**7-график. Теңгенің Ресей рубліне бағамының өзгеруінің кәсіпорының қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ\*)**




2019 жылдың 2-тоқсанында теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының кен өндіру өнеркәсібі мен сауда саласындағы шаруашылық қызметіне кері әсері күшейді. Кері әсердің аздаған төмендеуі көлік және қоймалау саласында байқалды. Ал теңге бағамының ресей рубліне қатысты өзгерісінің әсері сауда және құрылыс салаларында күшейіп, басқа салаларда өзгеріссіз болды. Бағам өзгерісінің әсері ең көп кері ықпалы өңдеу өндірісі, көлік және қоймалау салаларының кәсіпорындарына тисе, ең төмен ықпалы кен өндіру өнеркәсібі саласына тиді.

\* – ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

**8-график. Банктік кредиттеудің шарттары тиімсіз кәсіпорындардың үлесі, %**



**9-график. 2018ж. 3-тоқсанда және 2018ж. 4-тоқсанда несиелену ниеті бар кәсіпорындар, %**



**1-кесте. Кредиттеудің орташа мөлшерлемесі, %**

|                       | Теңгемен |             | Шетел валютасымен |             |
|-----------------------|----------|-------------|-------------------|-------------|
|                       | нақты    | Қол жетімді | нақты             | Қол жетімді |
| Кен өндіру өнеркәсібі | 12,9     | 6,1         | 4,5               | 3,3         |
| Өңдеу өнеркәсібі      | 11,6     | 7,0         | 6,4               | 3,6         |
| Құрылыс               | 14,1     | 6,8         | 6,5               | 2,6         |
| Сауда                 | 13,4     | 8,2         | 8,5               | 3,7         |
| Көлік және қойма      | 13,3     | 6,4         | 5,7               | 3,0         |


2019 жылдың 2-тоқсанында банктердің кредиттеу шарттары кен өндіру, өңдеу салалары кәсіпорындары үшін жақсарып, құрылыс саласы үшін нашарлады. Теңгемен алынған кредиттер бойынша ең төменгі орташа пайыздық мөлшерлемелер (11,6%) өңдеу өнеркәсібінде орын алғанына қарамастан, өңдеу өнеркәсібінде несиелендіру шарттарын тиімсіз деп бағаланып отырған кәсіпорындардың үлесі басқа салаларға қарағанда жоғарырақ (14,8%). Ондай кәсіпорындардың үлесі тау кен өндіру өнеркәсібінде ең төмен болып табылады (4,2%), және салада бұл көрсеткіштің төмендеу тенденциясы байқалады. Сонымен қатар шетел валютасымен берілген несиелер бойынша ең төменгі орташа мөлшерлеме де кен өндіру өнеркәсібінде орын алды (4,5%).

2019 жылдың 3-тоқсанында несиелену ниетті кәсіпорындардың үлесі ең көп өңдеу өнеркәсібінде және сауда саласында (22,8% және 20,3%, сәйкесінше), ең төмен көлік және қойма саласында (7,0%).


# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау:

## Өнімге сұраныс, оның бағасы, көлемі


10-график. Тау-кен өндіру өнеркәсібі, ДИ\*




11-график. Өңдеуші өнеркәсіп, ДИ




12-график. Құрылыс, ДИ



13-график. Сауда, ДИ



14-график. Көлік және қойма, ДИ



— Сұраныс — Дайын өнім бағасы — Шикізаттар бағасы

2019 жылдың 2-тоқсанында **дайын өнімге деген** сұраныстың өсуін барлық салалардың кәсіпорындары айтып отыр. Сауда саласындағы ДИ өсу аясына өтті. Сұраныстың ең жоғарғы өсу қарқыны кен өндіру өнеркәсібінде және көлік және қоймалау саласында орын алды. Өңдеу саласында сұраныс айтарлықтай өзгерген жоқ.

2019 жылдың 2 - тоқсанында **шикізат пен материалдардың** бағасының өсу қарқыны күтілгендей жалпы бәсеңдеді. Бұған қарамастан қарастырылып отырған салалардың бәрінде **дайын өнімді сату бағасы айтарлықтай өзгерген жоқ**, бұл сұраныстың жоғарылауымен байланысты болу керек.


2019 жылдың 3-тоқсанында өз өнімдеріне деген сұраныс бойынша кәсіпорындардың күтімі оптимисті. Құрылыс саласының кәсіпорындары өз өніміне деген сұраныстың төмендеуін, ал сауда саласының кәсіпорындары жоғарылауын түтуде. Сонымен қатар барлық салалардың кәсіпорындары дайын өнімге деген бағаның өсу қарқынының бәсеңдеуін күтуде, бұл шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқынының бәсеңдеуіне байланысты болуы мүмкін.

\*– ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

\*\*– 2019 жылдың 3-ші тоқсаны үшін кәсіпорындардың күтулері келтірілген.



15-график. Салалар бойынша өндірістік қуаттардың орташа алынған жүктемесі\*, %



2019 жылдың 2-тоқсанында барлық қарастырылып отырған салаларда өндірістік қуат жүктемесінің (ӨҚЖ) өсуі орын алды.


Өткен тоқсанда өндірістік қуатты барынша жүктеген (ӨҚЖ $\geq$ 90%) кәсіпорындар **тау-кен өнеркәсібінде** басым болды (22,2%). Бұндай кәсіпорындардың үлесі өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс саласында әлдеқайда төмен (сәйкесінше 10,5% және 11,2%).

Құрылыс саласы кәсіпорындарының көпшілігінің өндірістік қуатты жүктеу деңгейі 50%-дан төмен (37,6%).

Нәтижесінде орташа өндірістік қуаттарды пайдаланудың ең жоғары деңгейі **тау-кен өнеркәсібінде** сақталып отыр (64,2%). 2019 жылдың 2 тоқсанында құрылыстағы ӨҚЖ – нің едәуір жоғарылауына қарамастан (54,5%), ол өндірістік потенциалын ең аз қолданатын сала болып отыр. Бұл ретте, құрылыс саласындағы ӨҚЖ динамикасының құбылмалылығы саланың маусымдық факторларға тәуелділігімен байланысты болғанымен түсіндіріледі.

Қалған салаларда орташа қуатты пайдалану деңгейі 54% - 59% аралығында.

16-график. Өндірістік қуат жүктемесінің 2019 жылғы 1-тоқсандағы деңгейі, кәсіпорындар үлесі %-бен



\* Орташа арифметикалық салмақтанған өлшем – өндірістік қуаттар жүктемесінің деңгейі туралы сұраққа берілген жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні.

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

## 2-кесте. Негізгі көрсеткіштердің медианалақ мәні\*

|                       | АӨК  | ЖТҚК | ААК  | СР** | ӨҚК  | ААҚҰ, % |
|-----------------------|------|------|------|------|------|---------|
| Кен өндіру өнеркәсібі | 1,21 | 1,23 | 0,19 | 46,1 | 0,37 | 44,9    |
| Өңдеу өнеркәсібі      | 1,35 | 1,37 | 0,21 | 21,3 | 0,32 | 65,5    |
| Құрылыс               | 1,01 | 1,16 | 0,17 | 19,9 | 0,21 | 79,2    |
| Сауда                 | 1,15 | 1,16 | 0,34 | 18,3 | 0,17 | 98,4    |
| Көлік және қойма      | 1,03 | 1,39 | 0,19 | 20,5 | 0,34 | 39,6    |

Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері 2019 жылғы 2-тоқсанда былайша қалыптасты:

- өңдеуші және тау кен өндіру кәсіпорындарының өтімділігі ең жоғары болып табылады (АӨК сәйкесінше, 1,35 және 1,21);
- төлем қабілеттілігі ең жоғары болып өңдеуші өнеркәсіп және көлік және қойма саласының кәсіпорындары табылады (ЖТҚК = 1,37 және 1,39);
- іскерлік белсенділік сауда саласында басқаларына қарағанда айтарлықтай жоғары (ААК = 0,34);
- тау-кен өндіру өнеркәсібі саласының кәсіпорындарының рентабельділігі ең жоғары (СР=46,1%), ең төмен көрсеткіш – сауда саласында (СР=18,3%);
- инвестициялауды меншікті қаражаттың есебінен қаржыландыру мүмкіндігі «Көлік және қоймаға сақтау» саласының, тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарында жоғарырақ (ӨҚК сәйкесінше, 0,34, 0,37 және 0,32);
- сауда және құрылыс саласы кәсіпорындарының активтерінің басым бөлігі айналым қаражаты болып табылады (ААҚҰ = 98,4% және 79,2%, сәйкесінше).

## 3-кесте. Қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалары


|   | Есептеу формуласы  | Қысқаша сипаттама   |
|---|--|---|
| АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті)             | Ағымдағы активтер/Қысқа мерзімді міндеттемелер           | Компанияның ағымдағы міндеттемелерді (қысқа мерзімді) айналым активтері есебінен ғана өтеу қабілеттілігін сипаттайды. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, кәсіпорынның төлем жасауға қабілеттілігі солғұрлым жақсы болады. Норматив 1,2-2. |
| КОП (жалпы төлем жасау қабілеттілік коэффициенті) | Активтер/Міндеттемелер                                   | Кәсіпорынның барлық міндеттемесін (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) оның барлық активімен өтеу қабілеттілігін көрсетеді.  |
| ААК (активтердің айналымдылық коэф-і)             | ӨСТ/Активтер<br><i>ӨСТ – өнімді сатудан түскен түсім</i> | Активтерді пайдалану қарқындылығын (айналым жылдамдығын) көрсетеді. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері ретінде пайдаланылады.  |
| СР (сату рентабельділігі)                         | (ӨСТ-ӨӨҚ)/ӨСТ<br><i>ӨӨҚ – өнімнің өзіндік құны</i>       | Ұйым түсімінің қандай бөлігі пайданы (салық салынғанға дейінгі) құрайтынын көрсететін ұйым қызметінің қаржылық нәтижелілігінің көрсеткіші   |
| ӨҚК (өзін-өзі қаржыландыру деңгейі)               | МК/(МК+Міндеттемелер)<br><i>МК – меншікті капитал</i>    | Меншікті инвестициялық қаражаттың инвестициялауға қажетті жалпы қаражатқа қатынасы  |
| ААҚҰ (активтегі айналым қаражатының үлесі)        | Қысқа мерзімді активтер/Активтер*100                     | Баланстың жалпы өтімділігін бағалауға мүмкіндік береді  |

\*Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалақ мәндер келтірілген


\*\* Пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


17-график. Сатудың орташа рентабельділігі \*,%



18-график. Сату рентабельділігінің динамикасы\*,%



19-график. Сала сату рентабельділігі орташа мәннен\*\* жоғары пайда кәсіпорындардың үлесі, %



2019 жылдың 2-тоқсанында орташа медианалық сату рентабельділігі (пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі) қарастырылып отырған салаларда айтарлықтай өзгерген жоқ. Алайда айтарлықтай жоғарылау тау-кен өндіру саласында байқалған (2019 жылдың 1 тоқсанында 43,1% дан 2 тоқсанда 46,1 % ға дейін).

Кәсіпорындардың деректері бойынша ең жоғары рентабельділік тау-кен өндіру өнеркәсібінде: орташа медианалық рентабельділік бұл салада 2019 жылғы 2-тоқсанда 46,1%-ды құрады, ал сауда саласында көрсеткіш біршама төмен болды (18,3%).

Құрылыс саласындағы кәсіпорындардың көпшілігінің рентабельділігі сала бойынша орташа арифметикалық мәннен төмен.

\* Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген


\*\* Орташа арифметикалық мән

## Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Салалардағы борыштық ауыртпалық


Банк секторынан тыс, яғни жеткізушілермен, мердігерлермен, тапсырыс берушілермен, сатып алушылармен және т.с. өзара есеп айырысуға байланысты мерзімі өткен берешекке қатысты ахуал құрылыстан басқа қарастырылып отырған салалардың бәрінде жақсарды.

Экономика бойынша мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі** бар кәсіпорындар үлесі 27,4%, ал мерзімі өткен **кредиторлық берешегі** бар кәсіпорындар үлесі 21,3%-ды құрады. Дебиторлық берешегі бар кәсіпорындардың көпшілігі құрылыс саласында (33,9%), ал көлік және қойма саласында айтарлықтай аз (24,9%). Мерзімі өткен кредиторлық берешегі бар кәсіпорындар үлесі құрылыс және тау-кен өндіру өнеркәсібінде басқа салаларға қарағанда жоғарырақ (30,2% және 28,6%, сәйкесінше). Мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі қарастырылып отырған салалардың бәрінде мерзімі өткен кредиторлық берешегі бар кәсіпорындарға қарағанда жоғары.

20-график. Мерзімі өткен дебиторлық берешек (%)




21-график. Мерзімі өткен кредиторлық берешек (%)




# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Еңбекақы мен жұмыспен қамту


22-график. Өндіріс көлемінің өзгерісі, ДИ %



24-график. Жұмыспен қамту санының серпіні, ДИ \*



23-график. Орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі, %



Өндіріс көлемінің 2019 жылдың 2-тоқсанындағы өсуі орташа жалақының өзгерісіне оң септігін тигізді. Жалақыны төмендеткен кәсіпорындар үлесінің төмендеуі барлық салаларда орын алды. Бұндай кәсіпорындардың үлесі 3-6%.

Тау – кен өндірісі мен сауда саласынан басқа қарастырылып отырған салаларда қызметкерлер саны азайды. Қызметкерлер санының азаюының ең төменгі көрсеткіші құрылыс саласында орын алды (ДИ=37,8).

2019 жылдың 3-тоқсанында барлық сала кәсіпорындары өндіріс көлемінің сақталуын және орташа жалақының өсуін күтуде.

\* – ДИ, диффузиялық индекс, 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің оң (теріс) әсер етуі соншалықты, 50 деңгейі әсер етудің болмағанын білдіреді

- **Бәсекелестіктің ең жоғары дәрежесі** сауда саласында.
- **Айырбастау бағамының** серпіні жалпы алғанда кәсіпорындардың қызметіне теріс әсер етеді. Дегенмен, 2019 жылдың 2-тоқсанында теңгенің **АҚШ долларына және ресей рубліне** қатысты бағамының шаруашылық қызметіне кері әсері күшейді. Ең төмен кері әсер тау-кен өндіру өнеркәсібіне, ең көп кері әсер өңдеу өнеркәсібі мен көлік және қоймалау саласына тиіп отыр.
- Ең қолайлы **несиелеу шарттары** тау-кен өндіру өнеркәсібінде, ең қолайсыз талаптар өңдеу өнеркәсібінде байқалып отыр (осы саладағы кәсіпорындардың 14,8%-на жуығы үшін шарттар «тиімсіз» болып табылады).
- **Өндірістік қуаттардың** ең жоғары **жүктемесі** тау-кен өндіру өнеркәсібінде.
- Тау-кен өндіру өнеркәсібінде **сату рентабельділігі** басқа салаларға қарағанда жоғары.
- Мерзімі өткен **кредиторлық және дебиторлық берешегінің үлесі**, **құрылыс саласынан басқа барлық салаларда** төмендеді.
- Кәсіпорындардың көпшілігі 2019 жылдың 3-тоқсанында **өндіретін өнімге сұраныстың өсу қарқынының төмендеуін күтуде, сәйкесінше шикізаттар мен материалдарға бағаның өсу қарқынының бәсеңдеуін және өндірілетін өнім көлемінің 2019 жылдың 2 тоқсанындағы деңгейінде сақталуын күтуде.**